

А. Е. Туткушев,
азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының
оқытушысы, полиция аға лейтенанты
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК МӘНІ МЕН ҚАЖЕТТІЛІГІ

Қазақстан Республикасы үшін экологиялық қауіпсіздік мәселелері бүгінгі таңда өз шешімін таппаған қоғамдық мәселелердің бірі. Қазақстан Республикасының тәуелсіздік жылдарында саяси және экономикалық өмірімен қатар экологиялық қауіпсіздік жүйелерін басқару да бой көтеріп келеді. Дұрыс басқару қоршаған ортаны қорғаудың мемлекеттік саясатын уағыздап, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану үшін өте қажет. Өкінішке орай Қазақстан Республикасында қаншама жылдар бойы өндірісте табиғи шикізаттарды өндіргенде, қоршаған табиғи ортаға зиянды қалдықтарды шығару шамадан тыс көп мөлшерде болды.

Сонымен қатар егеменді елімізде экологиялық қауіпсіздікті және тұрақты экономикалық дамуымызды қамтамасыз ету жолымен, 2003 жылдың 3 желтоқсанында Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың жарлығымен Қазақстан Республикасының 2004—2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздік концепциясы жарияланды¹.

Бұл концепция қабылданғаннан бастап көптеген елеулі өзгерістер болды. Қоршаған ортаны қорғау заңдылықтар негізі құрылды, бірқатар халықаралық келісімдерге қол қойылды, қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесі құрылды. Концепция қоршаған ортаны қорғау мониторингінің біркелкі жүйесімен іске асыруды ұсынды. Экологиялық қауіпсіздік ол халық және мемлекет қауіпсіздігінің бір бөлігі ретінде көрініс тапты.

Сонымен қатар айта кететін бір жайт экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Конституциясында «мемлекет адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауды мақсат етіп қоятындығын» яғни конституциялық принцип ретінде жариялады.

Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасының экологиялық саясатының негізгі кілт түсінігі болып табылатын «экологиялық қауіпсіздік» ұғымын әзірлеу қажеттілігі пайда болды.

Заңнамалық деңгейдегі экологиялық қауіпсіздік ұғымы алғаш рет Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік туралы» 1998 жылдың 26 маусымдағы Заңында көрсетілген.

«Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік туралы» 2012 жылдың 6 қаңтарда шыққан және бұрынғы заңның күшін жойған Қазақстан Республикасының заңында келесі ұғым бекітілген.

Экологиялық қауіпсіздік дегеніміз — қоршаған ортаға антропогендік және табиғи әсерлер салдарынан туындайтын қауіп-қатерлерден адамның және азаматтың өмірлік маңызы бар мүдделері мен құқықтарының, қоғам мен мемлекеттің қорғалуының жай-күйі болып табыладыⁱⁱ.

Осы аталған экологиялық қауіпсіздік ұғымы үшін ғалымдардың бірнеше пікірлері бар.

К. К. Косдавлетовтың ойы бойынша «экологиялық қауіпсіздік — тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің қоршаған ортаға әсер ететін залал әсер салдарынан қорғаныс жағдайы»ⁱⁱⁱ.

Д. К. Нурпеисов көрсеткендей, экологиялық қауіпсіздік дегеніміз тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің өмірлік маңызды мүдделері мен құқықтарының қоршаған ортаға әсер ететін антропогендік және өзге де әсерінен туатын қауіптен қорғаныс жағдайы^{iv}.

Осы авторлардың ойы бойынша экологиялық қауіпсіздік ұғымында тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің өмірлік маңызды мүдделері мен құқықтарының қоршаған ортаға әсер ететін антропогендік және өзге де әсерінен туатын қауіптен қорғаныс жағдайы болып табылады.

Ал Бекішовамен негіздеген басқа да пікірге тоқталсақ. Ол тек өмірлік маңызды мүдделері мен қоршаған ортаға табиғи және антропогендік туындайтын қауіп-қатерден

жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің құқықтарын қорғау шарты ретінде экологиялық қауіпсіздік түсіну, орнықты дамуға көшу іздеу ауқымын тарылтады деп санайды. Өзін-өзі ретке келтіру қабілеті бар және осы қабілеті сақталатын жағдайын біз табиғи жүйедегі экологиялық тұрақтылығы деп атаймыз. Осылайша, экологиялық қауіпсіздік экологиялық тұрақтылық пен тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің өмірлік маңызды мүдделері мен құқықтарының қоршаған ортаға әсер ететін антропогендік және өзге де әсерінен туатын қауіптен қорғаныс жағдайы. Біздің ойымызша, Экологиялық қауіпсіздіктің осындай анықтамасы дұрыс деп есептеледі.

Экологиялық қауіпсіздіктің объектісі болып қоршаған табиғи ортаның сапасы (экологиялық тұрақтылық), жеке, заңды тұлға мен мемлекеттің экологиялық құқығы және заңды мүдделері болып келеді. Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негезгі субъектісі — ұлттық заң шығарушы, атқарушы және сот органдары арқылы міндеттерін жүзеге асыратын мемлекет. Тағы да экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің субъектілері — жеке және заңды тұлғалар, сонымен бірге ағымдағы заңнамаға сәйкес экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге құқықтары мен міндеттері бар азаматтар, мекемелер мен ұйымдар.

Экологиялық қауіпсіздіктің мәні — адамның өмірі мен денсаулығына қауіп туғызбайтын, ластанған қоршаған ортадан сырқаттану және өлу қаупі жоқ қоршаған табиғи ортаның осындай сапасын сақтау.

Экологиялық қауіпсіздікті арттырудың бір көзі экологиялық білімді жетілдіру, болашақ ұрпақтардың санасына сіңіру, сонда ғана біздің ұрпақ экологиялық қауіпсіздікті жетілдірудің қажеттіліктерін сезініп өседі. Осыған орай табиғатты тиімді пайдалануға әрекет етеді деп ойлаймын.

-
- i Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 3 желтоқсандағы № 1241 жарлығымен мақұлданған «Қазақстан Республикасының 2004—2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздік» Тұжырымдамасы // <http://online.zakon.kz>
 - ii Қазақстан Республикасының № 233-1 «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы» 1998 жылдың 26 маусымдағы заңы (күшін жойған) // <http://adilet.zan.kz>
 - iii Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» 2012 жылдың 6 қаңтардағы заңы // <http://online.zakon.kz>
 - iv Нурпеисов Д. Ұлттық қауіпсіздік: құқықтық аспект: Ғыл.-анықт. басылым. — Алматы, 2003.